

аға жан-жақты зерттеу жүргізуге барын салды. Соның нәтижесінде «Жас Қаныш» деген еңбегі мәңгілік ескерткіш болып қалды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Б.Аяпбергенов., Қ.Исабаев. «Қаныш аға осындай еді...(естелік әңгіме)». Алматы: «Өлке» баспасы, 1999. – 124 б.
2. Қаныш аға: Естеліктер. Алматы: «Жазушы» 1989.- 400 б.
3. Біләлов Д.Ж., Билялов Б.Д. «Қаржас шежіресі». Қарағанды, 2010. – 520 б.
4. Кейкин Е.К. «Ұлағатты ұстаздың өнегелі өмірі». Қарағанды, 2021. – 284 б.

ОӘЖ: 001.89 + 81'27

ҒЫЛЫМҒА АДАЛДЫҚ, ТІЛГЕ ҚҰРМЕТ – ЕБІНЕЙ ӘЛЕМІ

Қалиев Б.А., академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қарағанды, Қазақстан
Рамазанова Ж.С., академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қарағанды, Қазақстан

Әрбір адам өмірінде ерекше із қалдырған ұстаз немесе шабыт берген сәтпен кездеседі. Білім жолында адал еңбек етіп, ғылым мен руханиятты қатар ұстанған тұлғалар – ұрпақ үшін өнеге. Сондай жанның бірі – ғалым, қаламгер, ұстаз Ебіней Бөкетовтің өмір жолы, шығармашылық ізденісі мен ұстаздық шеберлігі – білім мен адамгершіліктің айқын көрінісі. Бұл мақалада біз Ебіней Бөкетовтің «Алты хат» деп аталатын ғұмырнаамалық деректі хикаятындағы ғалымның ұстаз ретіндегі алғашқы қадамы, ғылымға деген сүйіспеншілігі мен тілге құрметі туралы естеліктер негізінде қысқаша ой өрбітетін боламыз.

Ұстаз – жай ғана мамандық емес, бұл – жүрекпен сезінетін, жанмен атқаратын қасиетті міндет. Ал ұстаздық пен ғылымды жүрекпен ұштастыра білген тұлғалар санада мәңгі сақталады. Ебіней Бөкетов – сондай дара болмыс. Оның алғашқы мақаласына деген ерекше ықыласы, дәріс дайындаудағы табандылығы, тілге деген ілтипаты – бәрі де нағыз зиялының, ұлт жанашырының бейнесін аша түседі.

Әр адамның өмірінде ерекше есте қалатын, ұмытылмас сәттері болады. Олар сырт көзге елеусіз болғанымен, адамның ішкі дүниесінде айрықша орын алатын кезең. Осындай сәттің бірін автор өзінің ең алғашқы жарияланған ғылыми мақаласы арқылы сипаттайды.

«... Қазіргі уақытта, ардақты жазушы інім, менің ғылыми еңбектерімнің тізімін қарайтын болсаңыз, ең басында сол маңызы жұпыны ғана кішкентай мақаланың аты тұрады. Химиялық анализ әдісінің қазіргі деңгейінен қарасақ, бұл мақаланың, әрине, ешбір мәні жоқтығы ақиқат. Бірақ мен үшін осы мақаланың атының өзінде бір өзгеше жылылық бар. Жуырда бір көмекшім менің ғылыми еңбектерімнің тізімі үшін осы бір болмашы нәрсенің керегі не деген пікір айтты. Оқығанымнан, көргенімнен, білгенімнен ойлап, топшылап жаңа білім шығаруға қабілетім бар екенін осы кішкене мақала арқылы сезінгенімді, сондықтан осы мақаланың орны мен үшін кейін шыққан жуан кітаптардан анағұрлым артық екенін қайдан білсін...» [1, 93] деген үзіндіде ғалым өзінің ең алғашқы ғылыми еңбегіне деген ішкі құрметі мен шынайы эмоциясын жеткізеді. Осы шағын ғана үзіндіден:

1) Алғашқы қадамның құндылығы (Ғалым ең алғашқы мақаласын «маңызы жұпыны ғана» деп сипаттаса да, оның өз өміріндегі мәні зор екенін атап өтеді. Бұл – адамның еңбегі мен табандылығы арқылы өзіне сенімі нығайған сәті. Яғни адам үшін алғашқы жетістік – болашақ табыстың негізі. Ол кішігірім болса да, рухани тұрғыда зор маңызға ие);

2) Ішкі сезім мен сыртқы бағалаудың айырмашылығы (Ғалымның көмекшісі сол мақаланы «болмашы нәрсе» деп бағаласа да, автор үшін ол – үлкен шығармашылық жолының бастауы. Яғни басқа адам елемеген нәрсе біреудің өміріндегі үлкен белес болуы мүмкін. Ішкі құндылық – сыртқы пікірден маңыздырақ деген сөз);

3) Ғылымға адалдық пен шабыт көзі (Осы еңбегі арқылы жаңа білімге ұмтылу қабілетін алғаш рет сезінгенін жазады. Бұл оның ғылымға деген шынайы қызығушылығын көрсетеді. Яғни нағыз ғалым ғана өз бойынан жаңа білім тудыру мүмкіндігін алғаш байқаған сәтті өміріндегі ең қуанышты кезең деп есептейді);

4) Рухани құндылық пен кітаптан артық «мақала» (Осы мақаланың құны мен үшін кейін шыққан жуан кітаптардан да артық деп біледі ғалым. Бұл – рухани құндылық пен автор жолының бастауына деген шынайы ілтипат. Яғни шынайы құндылық – еңбектің көлемінде емес, оның өмірдегі орны мен мағынасында) деген бірнеше маңызды ой түюге болады.

Адамның алғашқы шығармашылық қадамы ол үшін өзгелер байқамайтын, бірақ өз тағдырында терең мәні бар ерекше сәт десек, бұл үзіндіден ғылымға деген адалдықты, еңбектің қадірі мен рухани асқақтықты анық байқаймыз.

Ал ұлы ғалымның мына төмендегі мәтіндегі айтқан ойлары бүгін де өз мәнін жойған жоқ деп есептейміз.

«... Әрбір істің, ардақты жазушы інім, басы қатты болса, аяғы тәтті болмақ деген қағида бар. Менің жаңа қызметім кейін жеңіл болды деп нықтап айта алмасам да, басында қиын болғанын жақсы білемін. Оқу ісін басқару деген не? Орта мектепте оқу бөлімінің меңгерушісі әрбір мұғалім өзіне тиісті сабағына үйретудің ғылыммен мұқият негізделген әдісін қолданғанын қарастырады. Бұл міндетті орындаудың өзі көп тәжірибе мен білімді қажет етсе де, жеңілдігі де бар ма деп ойлаймын. Өйткені адамзаттың орта мектеп педагогикасын тағайындаумен айналысқанына қанша заман өтті. Көптеген жеке адамды қоя тұрып, талай академия мен институттар балалардың жоғары оқу орнына жеткенше тәлім-тәрбие, оқу-білім алу жолдарын зерттеуде.

Ал жоғары оқу орнының педагогикасын алатын болсақ, бұл жөнінде ғылыми негізделген ешбір ереже жоқ. Жоғары оқу орындарының мұғалімдері бұл мәселемен тек кейінгі уақытта ғана айналысқан сияқты. Бұларға

мамандар тәрбиелеп шығару педагогикасына арналған ғылыми-зерттеу институты біздің елде жуықта ғана ашылды. Жоғары оқу орнының, оқу бөлімін басқару ісіне кіріскен кезімде мұның бірі де болған жоқ-ты. Мысалы, мен біздің кафедрада сабақ бере бастағанымда менің сабақ беруім жөніндегі жазылған ереже-нұсқауды мен тіпті ойлап та көргем жоқ-ты. Тек сол берген сабағым жөніндегі өз профессорымның ақылын ғана тыңдадым. Басқа жас мұғалімдердің де жайы осы болатын. Орыс университеттері мен институттарында лекция оқу деген профессордың ең жақсы, ең ардақты міндетінің бірі екенін біз білетін едік. Орыс ғылымындағы Менделеев, Сеченов, Тимирязев сияқты ардагерлер лекцияларына қалай дайындалып, қалай оқитыны жөніндегі естеліктер аз емес. Сондықтан мен біздің институтта лекция оқудың деңгейін анағұрлым жоғарылатуды армандадым.

Жақсы оқылған лекция, бір жағынан, студенттерге қиын сабақты жеңіл ұғынуына мүмкіндік берсе, екінші жағынан, мұғалімнің өзіне де пайдалы, өйткені ой-пікірін тәртіпке келтіріп, ғылыми ұғым мен ережелерді шымыр сөз бен ықшам сөйлемге сыйыстыруға мүмкіншілік береді деп ойлайтынмын. Бұл жөнінде өзімнің аз да болса, тәжірибеме сүйенетінмін. Профессор Дьячков химияның бір кішігірім бөлімінен лекция оқы деп тапсырғанда кездескен қиындық есімде қалған-ды. Профессордың лекция оқыған деңгейіне шама келгенше жақындау үшін лекцияларымды жаттап алатынмын. Қағазға қарап оқып тұрмасам да, сол жаттап алуымның өз зейінімнің логикасына сенбеушіліктен, керек сөзді уақытылы тауып, керек сөйлемді ретімен құрап айтуыма сенбеушіліктен еді. Сондықтан алдын ала лекциядағы негізгі пікір мен ойларды, ықшам сөйлемдерге сыйғызып дайындап, шыңдап алатынмын. Сөйлемдер нақыл сөз сияқты қысқа, айтайын деген ойыңды дәл беретін болу керек деп үйрететін менің ұстазым. Сондықтан лекциямды жаттауды қоймасам да, кейін лекция үстінде ойлана сөйлеп, сол жаттаған заттарымның өзін ештеңе түзеп отыратын болдым. Өйткені әрбір сабақтың ғылым негіздері белгілі оқулықтардан алынса да, мұғалімнің өз ұғынуы тұрғысынан айтылуы керек деп түсіндіруші еді ұстазым. Ал әрбір лекцияға бұлай қараудың өзі, ардақты жазушы інім, оған дайындалуға көп уақыт тілейтін. Мен өз лекцияларымда Дмитрий Викторовичке ұқсап, әрбір минутымды бос жібермей, қатаң болуға тырысатынмын. Бірақ әсіресе бірінші жылда мен өз лекцияларыма риза болған уақытым сирек еді. Мысалы, әбден мұқият дайындалған тақырыпты оқып тұрғанымда, кейде ең бір айқын, ең бір анық түсіндім деген жерлерім күңгірттене қалатын да, сол анық түсіндім дегенім, шынтуайтқа келгенде, жақсылап түсінілмеген болып шығатын. Мұндайда суық тер бұрқ етіп, әуелі не дерімді білмей қалатынмын да, ақыры ұялсам да студенттерге мұны мен дұрыс түсінбеген екенім деп шынымды айтатынмын. Бірақ қиын да болса, ұялсам да, шынымды айтқан кезіме қазір ризамын. Өйткені жастардың алдында осылай қатеңді мойныңа алып, ұялудың арқасында мен бәрін түсіндім, маған бәрі түсінікті деп ереуілдей берудің артық екенін, ең анық, ең айқын нәрсені қайта-қайта талқылау керек екеніне көзім жетті...» [1, 146-148].

Бұдан шығатын қорытынды: білім саласындағы табысты реформа мен жетістік, ең алдымен, мұғалімнің өзіндік ізденісіне, педагогикалық шеберлігіне және адалдығына тікелей байланысты. Әсіресе жоғары оқу орны оқытушысының қызметі – жай ғана білім беру емес, ғылыми ойды дамытып, кәсіби маман тәрбиелеудің күрделі үдерісі. Осы тұрғыда ұсынылып отырған естелік сипатындағы үзінді автордың оқытушылық қызметінің алғашқы қиындығы мен ішкі толғанысын ашып көрсетеді. Бұл – кез келген педагог үшін үлкен сабақ, әрі ой тастайтын өмірлік тәжірибе.

Автор өзінің жоғары оқу орнында оқытушылық қызметін алғаш бастаған тұстағы қиындығын ашық баяндайды. Сол кезеңде оқу үдерісін ұйымдастыру, дәріс дайындау мен өткізу бойынша нақты әдістемелік нұсқаулық болмағанын, әрі оқу бөлімін басқару ісінде де ғылыми негізделген жүйе жетіспегенін тілге тиек етеді. Бұл жағдай оны өз бетінше ізденуге, тәжірибе арқылы үйренуге итермелеген [2, 97].

«Менің жаңа қызметім кейін жеңіл болды деп нықтап айта алмасам да, басында қиын болғанын жақсы білемін», – деген сөзінен-ақ автордың шынайылығы мен табандылығын көреміз.

Мектеп педагогикасы ғасырлар бойы зерттеліп, жүйеленген сала болса, жоғары білім берудің әдіснамасы ол кезеңде әлі толық қалыптаспағандықтан да, ғалым бұл олқылықтың орнын толтыру үшін классикалық университет тәжірибесіне сүйеніп, әйгілі профессорлар – Менделеев, Тимирязев, Сеченов сияқты тұлғалардың дәріс оқу мәдениетін үлгі етеді.

«Жақсы оқылған лекция студентке де, оқытушыға да пайдалы», – деп атап көрсетеді ол, яғни білім беру – екіжақты үдеріс екеніне назар аударады.

Дәрісті тек оқулықтан айтып беру емес, оны ықшамдап, жүйелеп, тыңдаушыға әсерлі жеткізу – үлкен өнер. Ғалым алғашқы дәрістерінде жаттап сөйлеуге мәжбүр болғанын, өйткені логикалық ойды еркін құрастыруға әлі сенімі болмағанын ашық мойындайды. Алайда уақыт өте келе, түрлі жаттығу оны сөйлем құрылымына, ой дәлдігіне, тіл шеберлігіне үйреткен. Бұл – білімді құр айта салу емес, тыңдаушының жүрегіне жеткізу, күрделі ойды жеңіл тілмен түсіндіре білу. Ол профессор Дьячковтан үйренген тәртіп пен нақтылықты өмірлік ұстанымға айналдырағанын жазады. Күнделікті дәріске дайындалу – білімнен бұрын тәртіп деген сөз.

Білім беру жолындағы ең маңызды сәт – өз қателігінді мойындай білу. Автор кей дәрісінде күрделі тақырыптарды өзі толық түсінбегенін, сондықтан студенттер алдында өз шындығын ашық айтқанын баяндайды. Бұл – ұят емес, керісінше, ұстаздық ұлылықтың белгісі. Себебі білім беру саласында үздіксіз үйрену мен кемелдену ешқашан тоқтамауы тиіс. Оқытушылық – тек білім тарататын кәсіп емес, бұл – жүрекпен сезінетін, жан дүниенен қабылдайтын зор жауапкершілік. Ұстаз өз сабағына өзі риза болмайынша, шәкірт те оны толық игере алмайды. Ғалымның осы алғашқы қиындығын еске ала отырып, біз бүгінгі жас маман болсын, жалпы барлық оқытушы, педагог үшін маңызды үлгіні көреміз: үздіксіз ізденіс, шынайы еңбек, қателікті мойындау, өзіне талап қою – міне, нағыз кәсіби маманның жолы. Сондықтан да біз «Ұстаздың ұлылығы – оның білімінде емес, сол білімді жеткізуге деген адал ниетінде» деген ұстанымды әрдайым естен шығармауымыз керек.

Ал мына мәтіндегі үзіндіні көркем әдебиет пен ғылымның тоғысқан ерекше мысалы деуге болады. Мұнда тіл құдіретінің, әсіресе өлең арқылы берілген ғылыми білімнің әсерлілігі мен тиімділігі кеңінен көрініс тапқан. Осыған негіздей отырып, тілдің және өлеңнің ғылымды сипаттаудағы орны жайында біршама талдау жасауға болады.

Ғылым – нақтылық пен дәлдікке негізделген білім саласы. Ал тіл – сол ғылымды түсіндіретін, жеткізетін, насихаттайтын қуатты құрал. Ғылымды көпшілікке түсінікті, әрі әсерлі етіп жеткізуде тілдің құдіреті, әсіресе көркем тіл мен поэтикалық тәсілдің маңызы зор. Автор бұл құбылысты төменде келтірілген үзіндіде тебірене, сүйіспеншілікпен баяндайды.

«... Енді мен, ардақты жазушы інім, Василий Викторовичтің «Химиялық поэмасын» еске түсіргенде оның мазасызданып, менің ыңғайсызданып қалуымның себебін баяндайын. Осыны айтайын деп отырғанымды сезген де шығарсыз. Толстовка деп аталатын мол, ұзын тігілген қара куртканы киіп, куртканың матасынан жасалған жалпақ белбеуін бастау белбеуленген ол аяғын жас жігіттей жинақы басып кіріп келгенде, ең көңілді тыңдайтын лекциямыздың басталғанына қуанған біз дүрліге түрегеліп, қол шапалақтап қабылдайтынбыз. Сонан соң ол кафедраға сүйеніп, өткен лекцияда не айтқанын ойланып, есіне түсіріп, біраз тұратын да, басын көтеріп, жоғары қарап:

– Ұмытпасам, өткен жолы, достарым, мен мынаны айтқан сияқты едім-ау... Бұл сіздердің дәптерлеріңізде жазылған да болар. Тексеріңіздерші. Егер рұқсат етсеңіздер мен сол айтқан ойымды әрі қарай апарайын, – деп ғылыми ережелерді айта жөнелетін. Не айтса да тез айтушы еді. Жазу қиынға түссе де, біз машықтанып алғанбыз. Өйткені ол кісі ең керекті ережелерді әдемілеп, қайталап отырушы еді. Ол ешбір жазба, конспект, қағаздарды пайдаланбайтын. Тек кейде лаборант кафедраның үстіне көптеген шыны, пробирка, химиялық реактивтерді қойып кететін. Сиқыршы фокусшыға ұқсап, кейбір химиялық реакция, құбылыстың қалай өтетінін бізге көрсетіп беретін Василий Викторовичтің лекцияларынан біз ғылыми маңызға толы жаратылыс ақиқатын да көркемдіктің әсерлі бояуын бере ұғындыруға болатынын түсінген едік. Ең жағымды жері, Василий Викторович өзі оқыған ғылымының әрбір ережесі, әрбір жаңалығы қай уақытта қалай туғанын мұқият білуші еді. Көптеген химиктің өмір тарихының егжей-тегжейін есінде сақтаған ол әрбір ғылыми ережені айта келе, сол ережеге тиісті тарихи оқиғаларды ретімен қоса әсерлі айтып беретін. Сүйікті доцентіміздің химия ғылымына өз тарапынан қосқан үлесі бізге беймәлім болатын. Жобасы, ондай үлес онша болмаса да керек, әйтеуір Василий Викторовичтің өзінің аузынан, не басқалардың аузынан сол үлес туралы естімедік. Бірақ сүйікті доцентіміз өз ғылымын жанындай жақсы көретінін білуші едік. Сол сүйіспеншілігін ол бізге де дарыта бастаған-ды. Әрқашан да біздің доцентіміздің оқыған лекциясының әр тарауының аяқталуын асыға күтетінбіз, өйткені ол ғылымның әрбір тарауын өзі жазған «Химиялық поэмалардан» үзінділер айтып көмкеретін. Сол поэмасында Менделеев кестесіндегі әрбір элементтің қасиетін өлеңге салып жазған екен. Ғылыми терминдер мен сөздерді өлеңнің өлшемі мен ұйқасына сыйғызғанына таңданып, біз аса қуанышпен тыңдаушы едік. Поэзия жөнінен бұл өлеңдердің қандай екенін, ардақты жазушы інім, білмеймін. Бірақ, біздіңше, өте қызғылықты, тартымды сияқты еді. Амал нешік, менің ойымда сол химиялық өлеңдерден қайсыбір үзінділері ғана сақталыпты. Мысалы, күкірттің химиялық қасиеттерін сипаттай келе, Василий Викторович таяқшасымен Менделеев кестесінен күкірттің әрбір көрсетіп тұрып былай деп оқығаны есімде:

*Элементтер кестесі, алтыншы топ,
Күкірт тұр оттегінен екінші боп.
Отыз екі атомдық салмақ болса,
Бұл күкіртті құрапты төрт изотоп.
Ақшыл сары күкіртті жұрт біледі,
Ұлап боп үйкесең-ақ үгіледі.
Қыздырсаң судай сұйық болып кетіп,
Суыса кесектеніп бірігеді.
Ауада түтінденіп от алады,
Сол түтін ангидрид деп аталады.
Ангидрид – күкірт газы, ол да қызық,
Сілтіге сіңіп алып жаңарады.
Сілті, су, күкірт газы үшеуінен
Құралар сол жаңа зат сульфит деген,
Жер бетінде құбылар күкірт солай,
Валенттігі тұра алса төрттен аумай.
Валенттігі алтыға шықса егер,
Бұл күкірттің құбылар одан бетер.
Қиынына соқпай онша желейік,
Күкірт қышқыл деген затқа келейік...*

Осыдан кейін күкірт қышқылының, оның сульфат деп аталатын тұздарының қасиетін айтатын. Василий Викторович бір лекцияға берілген аз уақытта оқыған сабағының қиын жерін есте қалатындай етіп, әдемі қалжың, салыстырма, ғылым тарихынан ұтымды мысалдар келтіріп үлгеруші еді... » [1, 166-167].

Ұстаз – тек білім беруші ғана емес, ол – шәкірт санасына шабыт ұялататын, ғылымға сүйіспеншілік дарытатын тұлға десек, нағыз ұстаздың әр сөзі, әр сабағы – шәкірт жүрегінде ұзақ сақталатын рухани құндылық. Жоғарыдағы естелікте суреттелген Василий Викторович бейнесі – осының айқын дәлелі.

Автор есіне алған ұстазы қарапайым доцент болғанымен, оның дәріс оқу мәнері ерекше. Ғылыми ережені жаттанды емес, көркем тілмен, мысалмен, өлеңмен жеткізе білетін қабілеті студенттердің қызығушылығын арттырған. Бұл – жай ғана сабақ емес, ғылым мен өнердің үйлесімі еді. Ол химия сияқты күрделі ғылымды тыңдаушыға тартымды, әрі түсінікті ету үшін жан-жақты тәсіл қолданған. Дәріс барысында ол: ғылыми формула мен реакцияны; тарихи деректі; белгілі ғалымдардың өмірбаянын; өлеңге айналған химиялық сипаттаманы т.б. шеберлікпен байланыстырған. Бұл – ұстаздың тек білімді ғана емес, өте шығармашыл тұлға екенін көрсетеді.

Дәрістің ең әсерлі тұсының бірі – Василий Викторовичтің өз қолымен жазған «Химиялық поэмасы». Ол Менделеев кестесіндегі әрбір элементтің қасиетін өлеңмен сипаттаған. Мысалы, күкірт элементінің химиялық сипатын:

«Ақшыл сары күкіртті жұрт біледі,

Ұлапа боп үйкесең-ақ үгіледі...», –

деп сипаттау арқылы күрделі ұғымды жеңіл, әрі есте қаларлық етіп жеткізген. Көп жағдайда қиын ережелер мен күрделі терминдер өлеңнің ырғағы арқылы оңай жатталып, есте сақталады. Бұл әдіс – тек оқытушының білімін ғана емес, оның студент жанына жол таба білетінін көрсетеді.

Ғылымды осындай көркемдікпен ұсыну – білім берудің тың тәсілі ғана емес, шәкірт бойында ғылымға деген сүйіспеншілік оятудың ерекше жолы. Студенттер үшін химия енді тек реакция мен формула емес, поэтикалық реңкке ие болған, өмірмен, тарихпен, сезіммен үндескен тірі ғылымға айналды.

Ебіней аға үлгі тұтқан ұстазы Василий Викторовичтің дәрісі – жай ғана сабақ емес, терең дайындық пен шынайы махаббаттың нәтижесі. Оның жазбасыз сөйлеуі; жоғары қарқынмен, нақтылықпен ойын жеткізуі; сабаққа байланысты қалжың мен салыстыруды орынды қолдануы; әрбір ғылыми ұғымды тарихи, философиялық тұрғыда ашуы нағыз педагогикалық шеберлік екенін көрсетеді. Оның ғылымға қосқан үлесі көпшілікке беймәлім болса да, ол – нағыз ұстаз. Себебі ол шәкірт жүрегіне ғылымға деген сүйіспеншілік дарыта білді. Бұл – кез келген ғалымның емес, тек жан дүниесі ұстаздықпен суарылған адамның қолынан келетін іс. Яғни автор суреттеуіндегі Василий Викторовичтің бейнесі – ғылымға адалдық пен ұстаздыққа жанашырлықтың символы. Ол – өз пәнін ғана емес, шәкірттерінің жүрегін де терең зерттей алған кәсіби маман. Оның «Химиялық поэмасы» – ғылымның да көркемдікке, шабытқа, сезімге толы бола алатынының дәлелі. Осындай ұстаздар ұрпақ санасына тек білім емес, өмірлік бағыт-бағдар береді. Ғылымды сүйіп, оны поэзиямен жеткізе білу – ұстаздықтың ең биік үлгісі.

Тіл – халықтың жаны, мәдениеті – оның рухани келбеті десек, осы құндылыққа шын жүрегімен ынтық болған тұлғаның бірі – көрнекті қаламгер, ойшыл, әрі зиялы азамат Ебіней Бөкетов деуге болады. Оның ана тіліне, сөздің шығу төркініне, ұлт мәдениетіне деген ықыласы – ұрпаққа үлгі, зиялылықтың жарқын көрінісі.

Оны Қазақстанның Халық жазушысы Мұзафар Әлімбаевтің естелігінен алынған мына үзінділер анық дәлелдейді: «... Туысқан халықтардың мәдениетіне қызыға үңілу, тіліне деген пейіл-ықылас, туған тілмен салыстыру – Евнейге тән мінез. Озық мәдениетке өз жұртын ұмтылдыру – ойшылдардың өмірлік қам-қарекеті екен...»

... 1979 жылы бір жолығыста:

– Украин тілінде дрофа – «дудак» делінеді екен. Біздің қазақтың «дуадағы» зой. Тек бір дыбысы ғана түсіп қалып ықшамдалған. Енді бір қызығы украиндықтар тырнаны «лелека» дейді. Бұл – қазақша «лэйлек». Күншығыс жұрттарымен қашаннан бері араласқан халық «құтан» мен «тырна» атауын алмастырып алуы мүмкін зой, – дейді досым... » [3, 65].

«... Әңгіме-дүкен көбінесе әдебиет төңірегіне орала берді. Әңгіме орайында қазақтың «келінді келгенде көр, септі жайғанда көр» деген мақалын келтіріп едім. Жастау жәгіттерден ректор:

– «Сеп» деген не? – деп сұрады. Әдебиетшілердің өздері де іркіліп қалды.

Сонда Евней:

– Сеп, меніңше, дүние-мүлік, мұқаммал, – деп бір-екі сөзбен түптеп беріп еді... » [3, 66].

Жазушы Мұзафар Әлімбаевтің осы естелігіне сүйене отырып, біз Ебіней ағаның тек қазақ тілінің сөздік қорын жақсы меңгеріп қана қоймай, өзге туысқан халықтардың тілінен де ұқсастық, үндестік іздеп, тарихи-мәдени сабақтастыққа қызыға үңілетін ізденімпаздығын байқаймыз. Бұл ғалым-ағаның жай әуестік емес, үлкен ғылыми, танымдық пайымның нәтижесін, болмысын терең танытады. Мысалы, украин тіліндегі «дрофа – дудак» сөзін қазақтың «дуадағы» сөзімен салыстыра келіп, «дәйек пен дәлел арқылы» сөздердің шығу төркінін, тарихи үндестігін көрсетеді. Сондай-ақ «лелека – лэйлек» сөздері арасындағы байланыс та оның тілге деген зор ілтипатын, салыстырмалы тіл біліміне бейімдігін байқатады.

Бұл жерде Ебіней ағаның мақсаты – тілдер арасындағы ұқсастықты табу арқылы қазақ тілінің байлығын, оның басқа түркі және славян тілдерімен сабақтастығын көрсету. Бұл ізденіс оның озық мәдениетке өз халқын ұмтылдыру ниетінен, рухани жаңғыруға бастайтын жолды тілден бастау керек деген көзқарасынан туындайды. Ал екінші мысалдағы «сеп» сөзіне берген анықтамасы – оның тілдік түйсігінің дәлдігі мен білімінің тереңдігін көрсетеді. Әдебиетшілердің өзі тосылып қалған сәтте, терең ойлы ғалымның: «Сеп – дүние-мүлік, мұқаммал», – деп қысқа да нұсқа жауап беруі – тілге деген жанашырлықтың, ұлт сөзінің қадірін білу мен оны ұқтыра алудың жарқын үлгісі деп білеміз.

Ебіней Бөкетов – тек химик, ғалым немесе жазушы ғана емес, тіл мен руханиятқа ерекше жанашырлықпен қараған тұлға. Оның тіл жайлы әрбір ойы, әрбір пікірі – бүгінгі ұрпақ үшін бағдаршам. Ол – сөздің мәнін ұғынған, мағына мен мазмұнға терең бойлаған ой иесі. Оның туысқан халықтардың мәдениеті мен тіліне деген қызығушылығы – ұлтжандылықтың, кең таным мен терең пайымның белгісі. Бұл ұстаным қазіргі заманда да өзектілігін жойған жоқ. Көпұлтты, көптілді қоғамда өмір сүріп жатқан бүгінгі қазақ баласы үшін ғалымның осы рухани қырағылығы мен зерттеушілік мінезі – ұрпаққа өнеге, тіл жанашырларына үлгі.

Қорыта айтқанда, ғылымға адалдық пен тілге құрмет – Ебіней әлемінің басты тұғыры. Бұл тұғыр бүгінгі жас ұрпақ үшін де асыл мұрат болып қала бермек.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Бөкетов Е.А. Шығармалар жинағы: 6 томдық. Т. 5 / Редакциялық алқа: Е.Қ.Көбеев (бас редактор) және басқалар. – Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 2007. – 397 б.

2. Сәрсекке М. Біртуар Бөкетов: деректі роман-эссе. – Қарағанды: «Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті» КЕАҚ баспасы, 2023. – 468 б.

3. БІРТУАР: Академик Евней Бөкетов туралы естеліктер / Құраст., Бөкетов Қ.А., Хасен М. 2-басылымы. – Алматы: Білім, 2012. – 288 б.